www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№08 /sársenbı/ 23 aqpan

Анонс!

**КҮРДЕЛІ СЫНЫҚТАРДЫ ЕМДЕЙТІН ГИДРОГЕЛЬ ОЙЛАП ТАБЫЛДЫ**

2-бетте

# КЕДЕНДЕГІ КӨП МӘСЕЛЕ



*ҚР Үкіметінің кезекті отырысында кедендік әкімшілендіруді жетілдіру мәселесі қаралды. Бұл бағытта жүйелі шаралар қабылдау туралы ҚР қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев баяндады.*

«Ең алдымен негізгі проблемаларга тоқталып өтейін. Оларды шешу әкімшілендіру процестерін түбегейлі жақсартуга мүмкіндік береді», – деді қаржы министрі.

Бірінші. Тауарларды импорттау кезінде дұрыс декларация бермеу және құнын төмендету. Қазақстан мен Қытай арасындагы кедендік статистика деректерінің алшақтыгы $5,7 млрд құрайды.

Қазақстан статистикасының Қытаймен алшақтыгының негізгі себептері келесідей:

статистиканы қалыптастырудың методологиялық ерекшеліктері;

Қытай тауарларының Қазақстан Республикасы арқылы транзитінің бір бөлігі Қытай Халық Республикасының статистикасында Қазақстан Республикасына экспорт ретінде көрсетіледі.

Бұл Еуразиялық экономикалық одақтың жекелеген елдерінің оң алшақтықтарымен расталады;

қытай тауар өндірушілері субсидиялар мен қосылган құн салыгын қайтарып алатындықтан экспорттық баганы көтеруге мүдделі;

Қазақстандық импорттаушылардың дұрыс декларацияламауы және кедендік құнды кемітуі;

«Қоргас» шекара маңы ынтымақтастыгы халықаралық орталыгы арқылы өткізілетін пошта тасымалдары мен тауарлар біздің статистикамызда есепке алынбайды.

Бұл жагдайда, жогарыда аталган $5,7 млрд болган алшақтықтың құрылымы мынадай:

$0,3 млрд әдіснамалық аспектілерге байланысты;

$2,6 млрд Қазақстан Республикасы арқылы Қытай Халық Республикасы тауарларының транзиті бойынша;

$2,8 млрд — дұрыс емес декларациялауга келеді.

Негізгі сауда топтары: киім, аяқ киім, ойыншықтар.

Жалпы, $2,8 млрд дұрыс декларацияламау кезіндегі республикалық бюджеттің болжамды шыгындары 150 млрд теңгеге багаланады.

Екінші. Қытай Халық Республикасымен шекарада әкімшілендіруді күшейтуге байланысты Қытайдан Қыргызстанга тауарлар импортының агылуы байқалады.

Осы жылдың басынан бастап Қыргызстанга Қытай импортының 5 есеге өсуі, Қыргызстаннан Қазақстанга импорттың 2,5 есеге өсуі тіркелді.

Бұдан басқа, қазір Қытай Халық Республикасымен шекарада 900-ге жуық автокөлік, ал уақытша сақтау қоймаларында 1200-ге жуық автокөлік әкімшілендіруді жеңілдетуді күтуде.

Жыл басынан бері шекара маңындагы бекеттер бойынша кедендік төлемдер мен салықтардың түсімі 23%-га, ал көлемі — 26%-га азайган.

Үшінші. «Бір күндік фирмалар» болды. Олардың саны 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қытай Халық Республикасынан импорттаушылардың жалпы санының 20%-дан астамын құрайды.

Төртінші. Кейінгі іске асыру кезеңдерінде жалган электрондық шот-фактураларды жазып беру. Айналым сомасы 6 трлн теңгеден асатын 8 мыңнан астам компания анықталды.

Осы жылдан бастап тауарларга арналган декларацияларды шыгару және бақылау бөлігінде кедендік функцияларды орталықтандыру толыгымен аяқталды.

«Мемлекеттік кірістер комитеті жанынан "Электрондық декларациялау орталыгы" мен "Ахуалдық орталық" құрылды. Бұл барлық техникалық құралдар қосылган өткізу пункттеріндегі жедел жагдайдың мониторингін жүзеге асыруга және бақылау шаралары бойынша орталықтандырылган шешім қабылдауга мүмкіндік берді. Аталган орталықтардың жұмысы басталганнан бері 28 мыңнан астам бұзушылық анықталды, бюджетке қосымша 23 млрд теңге өндірілді», – деді Е. Жамаубаев.

Қытайдан халық тұтынатын тауарларды әкелу бойынша мемлекет тарапынан оператор болып «KTZ Express» айқындалды. Сондай-ақ бұл компания «Нұр Жолы» өткізу пунктінің ішінде тауарларды тасымалдауды ұйымдастырушы болады.

Экономикалық қауіпсіздікті қоргау мақсатында Қыргыз Республикасынан тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын субъектілерге қатысты тәуекелдерді басқару жүйесі арқылы ішінара салықтық тексерулер жүргізіледі. Тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар 90%-дан астам жагдайда растауда. Жыл басынан бері 538 автокөлік құралы тексерілді, оның 506-сы бойынша мәлімделмеген қытай тауары анықталды.

Кедендік әкімшілендіруді цифрландыру туралы айтатын болсақ, ең алдымен, АСТАНА-1 және Е-терезе ақпараттық жүйелерін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бүгінгі таңда 5 мыңга жуық пайдаланушы тіркеліп, мемлекеттік органдармен 15 интеграция жүзеге асырылды. Электрондық шот-фактуралар негізінде тауарларды бақылап отыру жүйесі жұмыс істейді, ол импорттан соңгы тұтынушыга дейінгі өткізудің бүкіл тізбегі бойынша салықтық бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.

Енді тауарлардың құнын төмендету есебінен импорт кезінде толық төленбеген қосылган құн салыгы сатудың келесі кезеңдерінде өteліп алынады.

Қадагалау жүйесін енгізу қосылган құн салыгы бойынша түсімдерді 1,5 есеге ұлгайтуга, сондай-ақ көлеңкелі экономика үлесін 2020 жылы 20,2%-га дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Тауарларды өткізу багытын бақылауда навигациялық пломбалар қолданылатын болады.

Министр атап өткендей, тәуекелдерді басқару жүйесіне деректерді интеллектуалдық талдау енгізіледі және субъектіге багдарланган тәсіл жетілдіріледі. Тасымалдаушыларды категорияларга бөлу жүзеге асырылатын болады. Бұл келісімшарттың, тасымалдауга рұқсаттардың, фискалдық және тіркеу деректерінің, табыстарды көрсетудің және тасымалдаушының сенімділігін растайтын басқа да құжаттардың болуы туралы деректерге негізделеді.

Кедендік инфрақұрылымды жаңгырту бойынша:

9 автомобиль және 1 теміржол өткізу пунктін реконструкциялау және техникалық жарақтандыру жұмыстары жүргізілуде. Жасанды интеллект элементтерін пайдалана отырып, оларды автоматтандырылган мониторингтеу үшін бас диспетчерлік басқармасын салу жұмыстары жүргізілуде.

«Өткізу пункттері көлікті сканерлеу және өлшеу бойынша қазіргі замангы жабдықтармен жарақталады, бақылау рәсімдері бойынша шешімдер қашықтан қабылданатын болады. Жобаны іске асыру өткізу мүмкіндігін 7 есеге дейін ұлгайтуга және өту уақытын 2,5 есеге қысқартуга мүмкіндік береді. Жобаны 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр», – деді қаржы министрі.

Жалгасы 2-ші бетте

## ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ ОБЛЫС ӘКІМДЕРІНЕ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мәдениет және спорт министрлігінің туризм саласы бойынша кеңейтілген алқа отырысында Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тогжанов облыс әкімдіктеріне туризмді дамытуга қатысты тапсырма берді.

Былтыр туризм саласында қабылданган заңнамалық өзгерістер саланың ең маңызды аспектілерін қозгайтын бұрынсоңды болмаган мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, туристік саланың инвестициялық ахуалын жақсарту аясында туризм саласындагы инвестициялық бастаманың басым багыттагы жоба деп тану шегі 2 млн АЕК-ден 200 мың АЕК-ке дейін төмендетілген болатын. Бұл инвестициялық жобалардың префенциялар алу мүмкіндігін кеңейтті, – деді Үкімет мүшесі.

Ол нақтырақ айтқанда, автопарк, тау шаңгы инфрақұрылымы, жол сервисі, туроператорлар жұмысна қатысты шаралар қабылданганы туралы айтты.

Бұл шаралар мемлекеттік туризмнің жаңа және реконструкцияланатын объектілері үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды салуга да және реконструкция багытындагы жұмыстардың да қарқынын арттыруга тікелей әсер еткенін білесіздер. Аймақтарга бұл мәселені дамытуга нақты тапсырмалар берілді. Бірнеше облыста, атап айтқанда, ШҚО, Қараганды, Солтүстік облыстарында туризмді дамытуга ілеспе инфрақұрылымдардың қажеттілігін қамтамасыз ету міндеті қойылады. Осыны ескере отырып, барлық әкімдікке, әсіресе аталган өңірлердің әкімдіктеріне басым туристік аумақтарындагы инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шараларды қабылдауды тапсырамын, – деп Ералы Тогжанов алқа отырысында әкімдерге тапсырма берді.

Инвестициялық-инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру тұргындардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді.

**Baq.kz**

## IT - БАҒЫТТАРЫНА ТҮСКІСІ КЕЛЕТІН ТАЛАПКЕРЛЕР ҰБТ-ДА ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ТЕСТ ТАПСЫРАДЫ

Білім және гылым министрлігіне ЖОО-ларда IT-багыттар бойынша оқыгысы келетін талапкерлер үшін ҰБТ тапсыру кезінде бейінді пәндер тізбесіне «Информатика» пәнін енгізу туралы көптеген өтініштер келіп түседі, деп хабарлайды ҚР Білім және гылым министрлігінің баспасөз қызметі.

Осыган байланысты министрлік талдау жүргізіп, 2022-2023 оқу жылынан бастап «Информатика мұгалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар» және «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру багдарламалары топтарына түсетін оқушылар ҰБТ-да «Математика+Физика» орнына «Математика+Информатика» комбинациясын тапсырады деген шешім қабылдады.

2021-2022 оқу жылында бейіндік пән «Физика» болып қала береді, бұл ретте пилот ретінде талапкерлердің таңдауы бойынша биыл осы дайындық багыттарына (наурыздагы ҰБТ кезінде) түсу үшін «Математика +Информатика» комбинациясын таңдау опциясы қосымша қолжетімді болады.

**«Айгақ»-ақпарат.**

## Тағайындау



### Нұргүл МАУБЕРЛИНОВА -

*ҚР ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі*

ҚР Үкіметінің Қаулысымен Нұргүл сербайқызы Мауберлинова ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі қызметіне тағайындалды. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрінің баспасөз қызметі хабарлайды. Нұргүл Мауберлинова 1973 жылдың қараша айында Қарағанды облысында дүниеге келген. Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін және Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін тәмамдаған. Еңбек жолын 1992 жылы бастаған. Әр жылдары мемлекеттік органдар құрылымында және коммерциялық секторда жұмыс істеді. 2006-2008 жылдары – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің бас маманы, бас сарапшысы. 2008-2012 жылдары – ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің Ақпараттық-талдау орталығының бас консультанты, 2012-2016 жылдары ҚР Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» РММ директорының орынбасары, ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарған. 2016-2018 жылдары – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінің төрағасы, 2018-2019 жылдары – ҚР ақпарат және коммуникациялар министрінің орынбасары, 2019-2020 жылдары – ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрінің орынбасары. 2020 жылғы мамыр айынан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі болды.

### Жасұлан НЫСАНБАЕВ -

*Созақ ауданы полиция бөлімінің бастығы*



Бүгін ҚР ІІМ полиция генерал-лейтенанты Ерлан Түргымбаевтың келісімімен, Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығы полиция генерал-майоры Мұрат Қабденовтің бұйрығымен Түркістан облысы Созақ аудандық полиция бөлімінің бастығы тағайындалды. Ол – полиция подполковнигі Жасұлан Нысанбаев.

Жаңа басшыны жеке құрамға ТО ПД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Баглан Халықов таныстырды.

Полиция подполковнигі Жасұлан Нысанбаев осы уақытқа дейін облыста қылмыстың азаюына өзіндік үлесін қоса білген тәжірибелі маман. Түркістан облысы ПД Криминалдық полиция басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарған.

## КҮРДЕЛІ СЫНЫҚТАРДЫ ЕМДЕЙТІН ГИДРОГЕЛЬ ОЙЛАП ТАБЫЛДЫ

Ұлттық биотехнология орталығының галымы Вячеслав Огай бағаналы жасушаларды қолдану арқылы күрделі сынықтарды толық қалпына келтірудің бірегей технологиясын жасап шығарды. Ол сынықтар мен зақымдалған тізе буындарын емдеуді жеделдететін гидрогель ойлап тапты. Арнайы технологияның арқасында операциядан кейін 3-6 ай ішінде сүйек және шеміршек тіндері қалпына келеді. Клиникаға дейінгі сынақтардың нәтижелері препараттың тиімділігі жоғары екенін растады.

«Сүйек ақауларын толықтай қалпына келтіру травматология мен ортопедиядағы күрделі және шешілмеген мәселелердің бірі болып қала береді. Емдеу үшін сүйек алмастырғыштарын қолдана отырып, остеопластиканың әртүрлі әдістері жиі қолданылады. Бірақ бұл операцияның нәтижесінде сүйек әрдайым толық қалпына келмейді. Біз сүйек ақауларының толық қалпына келуіне ықпал ететін технологияны жасадық. Бағаналы жасушалар мен табиғи биополимерлер зақымдалған сүйек немесе шеміршек тіндерін қалпына келтіру процесін жеделдетеді», – деді әзірлеме авторы, Ұлттық биотехнология орталығының бағаналы жасушалар зертханасының меңгерушісі, профессор Вячеслав Огай.

Ғалымның айтуынша, гидрогельдер сүйек тінін жасауда қаңқа ретінде қолданылады. Құрылымында олар дәнекер тінінің негізіне ұқсас, сондықтан барлық биоматериалдар арасында жасуша трансплантациясы үшін ең қолайлы.

Қазір алғашқы операциялар ды бағаналы жасушалар негізінде гидрогель арқылы жүргізу жоспарланып жатыр. Күрделі сынықтар мен зақымдалған буындарды қалпына келтірудің бірегей технологиясы травматология мен ортопедияда көрсетілетін медициналық қызметтердің деңгейін айтарлықтай арттырады деп күтілуде. Препарат мамандандырылған ауруханалар мен ғылыми медициналық орталықтарда қолданылады.

Бұл технология қазіргі уақытта Н.Батпенов атындағы Ұлттық травматология және ортопедия ҒЗИ базасында клиникалық сынақтан өтіп жатыр. Ғылыми бағдарламаны ғылымды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында Білім және ғылым министрлігі қаржыландырады.

**БҒМ.**

## КЕДЕНДЕГІ КӨП МӘСЕЛЕ

*(Жалғасы. Басы 1-бетте)*

Сонымен қатар, басқа да жүйелі шаралар қабылдануда. Қытай Халық Республикасындағы карантиндік шектеулерге қарамастан, екіжақты келіссөздер шеңберінде кедендік статистиканың алшақтықтарының себептерін айқындау үшін деректерді салыстырып, тексеру мәселелері пысықталады. Қытай Халық Республикасымен алдын ала ақпарат алмасу кезінде автомобиль көлігі бойынша да, сол сияқты теміржол бойынша да экспорттық декларациялардан мәліметтер көлемін кеңейту жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, қытай тарапымен олардың өткізу пункттеріндегі өткізу мүмкіндігінің төмендігі туралы мәселе пысықталатын болады.

Бұдан басқа, шекара маңындағы теміржол станцияларында Қазақстан темір жолы мен Мемлекеттік кірістер комитеті арасындағы бизнес-процестерді жетілдіру, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан темір жолы және ұлттық қауіпсіздік комитеті ақпараттық жүйелерін интеграциялау жоспарлануда.

«Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен қытай тауарларын әкелу мәселесіне жеке тоқталсақ. Қырғыз тарапымен Қазақстанға әкелінетін тауарлар бойынша мәліметтер алмасу және тауарға ілеспе құжаттарда дұрыс көрсетілуі жөнінде келіссөздер жүргізілуде. Қырғыстан мен Ресейден әкелінетін тауарлардың тізбесін кеңейту жоспарланып отыр. Оларға Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен қосылған құн салығы төлеудің толықтығын қамтамасыз ету үшін бағанын ең төменгі деңгейін бақылау қолданылатын болады. Уәкілетті экономикалық операторларға қойылатын біліктілік талаптары заңнамалық түрде күшейтілу жоспарлануда. Бұл реестрге сыртқы экономикалық қызметтің тек адал қатысушыларын енгізуге мүмкіндік береді», – деді Е. Жамаубаев.

Сондай-ақ, кеден саласындағы бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілетін болады. Мұнда айлық есептік көрсеткіштен айыппұлдардың орнына декларацияланбаған тауарлар сомасына проценттік қатынастағы айыппұлдар енгізу көзделеді.

**Primeminister.kz**

## ОЛИМПИАДАЛАР АЛҒАШ РЕТ ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ӨТУДЕ



Қазақстанда жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі басталды. Биыл зияткерлік жарыстар алғаш рет электронды форматта өтіп жатыр. Жаңашылдық олимпиадалардың өтуінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Оған 291 ауданнан (қаладан) шамамен 100 мың оқушы қатысады.

Олимпиаданың екінші кезеңі 22 ақпанға дейін жалғасады, үшіншісі - облыстық кезең 2022 жылдың 28 ақпаны мен 5 наурыз аралығында өтеді.

«Олимпиадалардың барлық кезеңі электронды форматта өтеді. Білім және ғылым министрі ҰБТ-ның, олимпиадалардың және т.б. шаралардың ашық түрде өтуіне аса мән береді.    ткен жылы алғаш рет республикалық кезең электрондық форматқа көшірілді. Бірақ аудандық кезеңді өткізу кезінде зияткерлік сайыстардың нәтижелері бойынша ата-аналар тарапынан шағымдар болды, өйткені аудандық және облыстық кезеңдер қағаз түрінде өткізілді. Ол кезде қатысушыларға тапсырмалары бар мөрленген конверт берілді, балалар тапсырмаларды дәптерлерде орындады. Енді оқушылар арасындағы республикалық олимпиаданың барлық турын өткізу процесінің ашықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету үшін жарыстар электрондық форматта өткізіледі. Бұл тапсырмалардың таралу қаупін азайтады және белгілі бір қатысушылардың мүдделерін қолдайды. Өткен жылы біз халықаралық олимпиадаларда медаль алудан рекорд орнаттық. Сондай-ақ бұл - әділ іріктеудің нәтижесінде қол жеткізген көрсеткіш. Қазір біз осы жетістіктерді арттыру үшін ауқымды жұмыс атқарамыз», — деп атап өтті «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Тимур Нұркешов.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада прокторинг жүйесін пайдалана отырып, «Oqylyq» платформасы арқылы өтеді. Оқушыларға тапсырмаларды алу үшін жауап бланкісі, жеке логин және пароль беріледі. Олимпиада «1 компьютер — 1 оқушы — 1 камера» принципі бойынша өткізіледі. Бұл ретте жарыстардың бейнежазбасы және тікелей көрсетілімі жүргізіледі.

Аудандық (қалалық) кезеңнің жеңімпаздары Республикалық олимпиаданың келесі облыстық кезеңіне қатысады. Айта кетейік, ҚР БҒМ «Дарын» РҒПО еліміздің дарынды оқушыларын анықтау, дамыту және кәсіби қолдау саласындағы флагман болып табылады. Бүгінде орталық әртүрлі деңгейдегі 70-тен астам пәндік олимпиадаларды ұйымдастырады және өткізіп келеді.

Өткен жылы қазақстандық оқушылар халықаралық олимпиадаларда жеңімпаз атанып, Қазақстанның қоржынына 26 медаль әкелді.

Мемлекет басшысы дарынды балаларды қолдау бойынша тиісті шаралар қабылдауды тапсырды. Министрлік ҰБТ тапсырмай-ақ біржолғы сыйлықақылар мен білім беру гранттарын төлеуді ұсынды. Алтын медаль иегерлері 1500 АЕК, күміс медаль — 1000 АЕК, қола медаль — 500 АЕК көлемінде сыйақы алады. Сондай-ақ жеңімпаздарды дайындаған педагог-жаттықтырушыларға да сыйлықтар қарастырылған.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## РЕСМИ ТАБЫСЫНАН АСҚАН ЖАҒДАЙДА ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛАДЫ



Шығыстары ресми табысынан асатын лауазымды тұлғаларға мансаптық жаза қолданылмақ.

Мәжілісте аталған шектеулерді қарастыратын заң жобасы талқыланды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң жобасы аясында мемлекеттік қызметшілердің, оларға теңестірілген тұлғалар мен отбасыларының шығыстарының кірістеріне сәйкестігін бақылау енгізілмек.

"Елеулі сәйкессіздіктер үшін санкциялар қолданылады. Егер шығыстар мен кірістер арасындағы алшақтық сомасы 1000 АЕК-тен (3 млн теңге) асса, мемлекеттік қызметшіге сәйкессіздік сомасының 90%-ы көлемінде әкімшілік айыппұл салынады. Бірақ әрбір жағдайда шығыстардың заңдылығын түсіндіруге мүмкіндік беріледі. Егер шығыстар мен кірістер арасындағы алшақтық сомасы мемлекеттік қызметшінің жылдық табысынан асатын болса, ал ол бұл жайтты түсіндіре алмаса теріс себептермен мемлекеттік қызметтен босатылады", — деді Марат Ахметжанов Мәжіліс отырысында.

**Atamekenbusiness_qaz**

# «SAMSUNG» СМАРТФОНДАРЫНЫҢ ИЕЛЕРІ 5G ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛА АЛАДЫ



Samsung смартфондарының иелері Түркістандағы жаңа буын 5G желісіне қосыла алады. 5G желісіне қосылған абоненттер лимитсіз интернетті пайдаланады. Желіге қосылған кезде трафик автоматты түрде жаңартылып, нөлден басталмақ.

«Kcell» компаниясының баспасөз қызметінің хабарлауынша, Түркістанда Samsung Galaxy S21, Samsung Galaxy S21+, Samsung Galaxy S21Ultra телефон үлгілерінің иелері 5G желісіне қосыла алады. Компания алдағы уақытта 5G-ге қосылу мүмкіндігі бар смартфондардың, соның ішінде Samsung телефондарының тізімі ұлғаятынын хабарлады.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағындағы ең үлкен 5G желісі Түркістан қаласында қолжетімді. «Kcell» компаниясы өткен жылдың желтоқсан айында қаланың маңызды стратегиялық және туристік нысандарына 8 outdoor-станция орнатып, жаңа буын желісін іске қосқан болатын. Олардың қатарында қала әкімдігі, «Конгресс холл», «Түркістан Арена» стадионы, автовокзал, «Фараб» кітапханасы, «Батыр» жастар сарайы бар.

Outdoor жобадан басқа әуежай, «Kcell» абоненттік бөлімі, «Rixos» қонақ үйі сияқты маңызды туристік нысандарда indoor-сайттар қарастырылған. Қазіргі уақытта «Kcell» компаниясы «Apple iPhone» телефондарын Түркістандағы 5G желісіне қосу бағытындағы жұмысты күшейтіп, бағдарламаны тестілеуден өткізіп жатыр.

Айта кету керек, Xiaomi, Oppo, Realme, Vivo және Huawei сынды қытайлық өндірушілердің смартфондары Түркістанда былтыр 5G жұмысын бастаған кезде желіге қосылу мүмкіндігіне ие болған.

# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНАН 2500-ДЕН АСТАМ ОТБАСЫ СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРҒАН

Елімізде жұмыс күші жетіспейтін солтүстік өңірлерге халықты қоныстандыру жұмыстары Түркістан облысында 2015 жылдан бері жүргізілуде. Бүгінгі таңға дейін өңірден «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» жобасы аясында жалпы 9 812 мүшесі бар 2 556 отбасы қоныс аударған. Жалпы өткен жылдармен салыстырғанда солтүстікке көшуге ниет білдірген отбасылардың қатары 3 есеге дейін ұлғайған.

Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін түсіндіру үшін Павлодар облысынан Түркістан облысына 3 жұмысшы топ келді. Делегация өкілдері солтүстік өңірлерге қоныс аудару мәселесі бойынша ақпан айының 14-18 күндері аралығында ашық есік күнін өткізеді. Кездесуде мемлекеттік қолдау шарттары және бос жұмыс орындары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілмек.

Айта кетейік, оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударған азаматтарға қолдау көп. Мәселен, көшіп келген жағдайда әр адамға 70 АЕК (214 410 теңге) көлемінде бірреттік қаржы ұсынылады. Тұрғын үй мәселесін шешу үшін әрбір жанұяға отбасының құрамына байланысты 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі (45 945 теңгеден - 91 890 теңгеге дейін) мөлшерде субсидиялар қарастырылған.



Түркістан облысы, Келес ауданының орталығы Абай ауылында тұратын Гүлнар Дүйсебаева өз үйінің ауласында биогумус өндіріп жатыр. Төрт баланың анасы бұл кәсіпті 2020 жылдың желтоқсан айында бастапты. Еңбегінің зейнетін айналдырған 1 жыл 2 ай ішінде көріп, үй салып, несиелерінің барлығынан құтылып, баласына көлік мінгізген.

# ІСТІҢ КӨЗІН ТАПҚАН КЕЛЕСТІК КӘСІПКЕР ӘЙЕЛ

Жалғызбасты ана өзінің тұрғын үйінің ауласындағы жердің 2 сотығына жылыжайын іске қосып, 4 сотық жерде кәсібін дөңгелетіп, вермитехнология саласын дамытып отыр. Қазіргі таңда 2 сотық жылыжай қабырғаларына пластик бөтелке (баклашка) бұйымдарын байлап, көкөніс өсіріп жатыр. Сонымен бірге қапқа 50% топырақ және 50% биогумус салып, картоп өсіріп, қалған бос жерден биогумус табиғи тыңайтқыштарын өндіруде.

Биогумус — табиғи тыңайтқыш. Оны қолданған кезде өнімділік 25-50% -ға артады. Вермикомпост арқылы жаңбырдың қалдықтары немесе калифорния құрттары орналастырылып, олардың көбеюі үшін оңтайлы жағдайлар жасалған. Осы арқылы кәсіпкер ана 2 сотық жерден 6 сотық жердің өнімін алып отыр.

# КЕНТАУДА КІРПІШ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Кентауда енді өң кірпіш зауыты болады. Өндіріс ошағы қаладағы еркін экономикалық аймағында бой көтермек. Зауыт айына 3 млн дана керамикалық кірпіш шығаратын болады. Кәсіпорынды салып, қажетті қондырғылармен қамтуға 1 млрд. 720 млн. теңге инвестиция құйылмақ. Жоба жүзеге асырылғаннан кейін жылына 30 млн. дана кірпіш шығару көзделіп отыр. Кәсіпорынның құрылысы 2021 жылы басталған.

Бүгінде құрылысқа қажет материалдар жеткізіліп, болашақ өндіріске керек пеш пен қондырғыларын орнату жұмыстары жүргізілуде. Нысан биыл күзге қарай іске қосылып, кірпіштің алғашқы легі шығарылады.

Жалпы зауыттың жылдық қуаттылығы — 30 миллион дана. Мамандардың айтуынша, алдағы бірнеше жылда кірпіш өндірісі жылына 4-5 пайызға өспек.

Кентаудағы зауытта 50 адам жұмыспен қамтылады деп жоспарланған.

# ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНДА 100 ШАҚЫРЫМҒА ЖУЫҚ ЖОЛ ЖӨНДЕЛДІ

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданында 2021 жылы аудандық бюджет есебінен 807,2 млн. теңгеге 96,8 шақырымды құрайтын 36 аудандық маңызы бар және ішкі жолдарға орта жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында Жаңабазар елді мекеніндегі 10 көшеде, Қаржан елді мекеніндегі 10 көшеге орта жөндеу жұмыстары атқарылған.

Биыл 69,5 шақырымды құрайтын 22 аудандық маңызы бар және ішкі жолдарға орта жөндеу жұмыстары қолға алынады. Сонымен бірге «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында Жігерген елді мекенінен 6 көшеге орта жөндеу жұмыстарын жүргізуге 154 млн теңге қаралған.



Облыстық бюджеттен елдімекендегі көпірлерді күрделі жөндеу жұмыстарына қаржы қаралып, Құларық, Шарбұлақ, Жігерген елді мекендеріндегі көпірлердің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Қазіргі таңда Өндіріс елді мекеніндегі Тастақсай көпірінің күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

# САУРАН АУДАНЫНА 500 МЫҢҒА ЖУЫҚ ТУРИСТ КЕЛГЕН

Сауран ауданы құрылғалы бері, ескі қалашыққа 201 692 турист келген. Бұл Әзірет-Сұлтан қорық-музейінен билет алып, ресми түрде тіркеліп келгендер саны. Пандемия жағдайына қарамастан, жалпы Сауран ауданына 2021 жылы 480 657 турист келген. Оның ішінде, Сауран қалашығына келгендер — 201 692 , Ұқаша ата кесенесіне келгендер саны — 240 023, Жылаған атаға келгендер саны — 2000, Жүсіп ата кесенесіне — 36 642, ал Имам Мархозы кесенесіне 300 адам келген.

Ауданның туризміне кіретін Сауран, Ұкаш-ата, Жылаған ата тарихи орындарынан басқа, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК қарамағына кіретін 52 тарихи-мәдени нысан бар. Сол тарихи мұраларды Сауран ауданының теңгеріміне алу үшін аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі тиісті жұмыстар жүргізуде.

# ЖАҢА АТШАБАР САЛЫНАДЫ



Биыл Түркістан облысы, Кентау қаласында ұлттық спорт түрлерін дамыту мақсатында «Кентау-Қарнақ» автожолы бойындағы 10 гектар аумақта жаңа атшабар іске қосылады. Аталған спорт орталығының құрылысы алдағы көктемде жүргізіледі. Бұл кешен қала аумағында ұлттық спорттың дамуына өз септігін тигізеді.

Жалпы алдағы уақытта Кентауда спорт нысандары едәуір көбеймек. Шаһардағы «Кентау қалалық Б.Саттарханов атындағы №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанынан заманауи дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешенін салу жоспарланған. Қазір жобалық-сметалық құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлер тарапынан да ұсыныстар түсіп, кіші спорт нысандарын салу жоспарлануда. Қала әкімі Дәурен Махажановтың бастамасымен бұл бағытта жұмыстар жалғасын таппақ.

Бүгінде кентаулықтардың спортқа қызығушылықтары артып келеді. Кентау қаласында және қалаға қарасты ауылдарда 180 спорт ғимараты жұмыс істейді. Оның ішінде: 1500 және одан жоғары орынға арналған трибунасы бар стадион — 1, спорт кешені — 3, оқ ату тирі — 3, спорт зал —38, спорт алаңдары — 128, теннис корттары — 2 және 5 жүзу бассейні бар.

Бетті дайындаған: Мақсат ТОҚСАНБАЙ.

# КӨЛЕМІ 100 ФУТБОЛ АЛАҢЫНАН АСАТЫН БАСПАНА БЕРІЛДІ

2021 жылы Түркістан облысында барлық қаржыландыру көздерінен 823,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл шамамен 100-ден астам футбол алаңының көлеміне тең. Жоспар 790 мың шаршы метр болатын. Артығымен орындалды. Жыл соңында Түркістан қаласындағы әкімшілік-іскерлік орталығы аумағындағы 14 көпқабатты тұрғын үйдің 763 пәтері «Отбасы банк» арқылы және көпқабатты 3 тұрғын үйдің 151 пәтері «7-20-25» бағдарламасы арқылы тұрғындарға ұсынылды. Сонымен бірге 610 отбасы үйлі болды, оның 470-і — көпбалалы ана. Жалпы түрлі бағдарламалар және нақты сатып алу арқылы жүздеген отбасы жаңа баспанаға кірді.

Қазіргі таңда өңірде құрылыс қарқыны жоғары. Әсіресе Түркістан қаласында тұрғын үйлер көптеп салынып жатыр. Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев әкімшілік-іскерлік орталығы және өзге де аумақтардағы тұрғын үйлердің құрылыс барысын қадағалап, мердігерлермен кездесті.

Тұрғын үйлердің инфрақұрылымы, электр, жылу жүйесі талапқа сай болуы керектігін айтқан өңір басшысы құрылыс сапасы қатаң бақылауда тұрғанын ескертті.

— Тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Сондықтан осы салаға жауапты басшылар мен мердігерлер үйлерді талапқа сай етіп салулары керек. Ел сенімін ақтау — парыз, — деді мірзақ Шөкеев.

Биыл Түркістан облысында 10 мыңдай отбасы баспаналы болады. 836,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Дәлірек айтсақ, барлық қаржыландыру көздерінен 220 үй бой көтермек.

# АЙНАЛМА ЖОЛДАРДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!



Шымкент қаласы әкімдігі Полиция департаментімен бірлесе көлік қозғалысын оңтайландыру мақсатында «айналма» (круговое движение) жолдарға өзгеріс енгізді.

Енді «айналмадағы» көліктерге басымдық беріліп, тиісті жол белгілері орнатылды. Көлік жүргізушілеріне орнатылған жол белгілеріне қарай қозғалуды және мұқият болуды сұраймыз.

Көше қиылыстарының тізімі:

—Бәйдібек би даңғылы — А-2 автомобиль жолы —қиылысы(Бозарық айналмасы);

—Т. Рысқұлов көшесі — Д. Қонаев даңғылының қиылысы;

—Н.Назарбаев даңғылы — Қ.Патеев көшесі қиылысы;

—Тауке хан даңғылы мен №1 жолдың қиылысы (Береке айналмасы);

—Қапал батыр — Анаров көшелерінің қиылысы (Теміржол вокзалы);

—Абай даңғылы — Исмайлов көшесі қиылысы;

—Қапал батыр көшесі — атауы жоқ көше (Синойл жанар-жағар май құю бекеті);

—Момынов көшесі — Ибрагим ата көшесінің қиылысы (бұрынғы «Казбакалейторг»).

# ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН 7 ЖОБА

Шымкент қаласының әкімі М.Әйтеновтің төрағалығымен инвестициялық штабтың кезекті отырысы өтті. ZOOM платформасы арқылы ұйымдастырылған жиынға жауапты сала жетекшілері мен кәсіпкерлер және инвесторлар қатысты.

Жиында шетелдік және жергілікті кәсіпкерлердің қатысуымен жүзеге асырылатын 7 инвестициялық жобаның мәселесі қаралды.

Олардың бірі - жүкті әйелдерді тәулік бойы бақылайтын телемедицина орталығы. Инвестициялық жоба туралы польшалық инвестор Евгениуш Форманюк таныстырып өтті. Жобаның инвестициялық құны 1,44 млрд. теңгені құрайды.

Онлайн арқылы байланысқа шыққан инвестордың бірі пакистандық кәсіпкер Шоаиб Басра. Ол құны 2 млн АҚШ доллары болатын мұздатқыш камералар мен қойма кешені жобасын таныстырды.

Штабта бұдан бөлек, полимерлі құбырлар өндірісі, құлпынай мен көкөністерді жыл бойы өсіру бойынша жылыжай кешенінің құрылысы, емхана құрылысы, «Шымкент сити» аумағында сауда-ойын-сауық кешені сынды 5 инвестициялық жобаның мәселесі қаралды.

Барлық жобалардың жүзеге асырылу барысы мен мәселелері талқыланған жиында шаһар басшысы әкімдік тарапынан әрбір жобаның жүзеге асырылуы бойынша тиісті қолдау көрсетілуі және құжаттарының рәсімделуі бойынша сала жетекшілеріне нақты тапсырмалар берді.

# «I-KOLIK» ҚОСЫМШАСЫНЫҢ КӨМЕГІ ТИДІ МЕ?

Цифрлық бағдарламаның жүзеге асуына орай қаламызда бірқатар жұмыстар атқарылуда. Соның бірі «I-kolik» қосымшасы. Яғни, өзіңізге қажетті қоғамдық көліктің жүру бағытын осы қосымша арқылы көре аласыз. Осы және өзге де жол-көлік инфрақұрылымы бағытында жұмыстары бойынша қаланың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Жолдасов қала әкімдігінің «Instagram» парақшасындағы тікелей эфирде бөлісті.

Басқарма басшысының айтуынша, сапалы әрі тұрақты қызмет көрсету мақсатында автобус бағыттарын онлайн режимінде көруге арналған «I-kolik» қосымшасын қолданушылардың қатары күн санап артып келеді екен. «KazITService» компаниясы жасаған «I-kolik» қосымшасын «PlayMarket» және «App store» арқылы жүктеген қолданушылар саны 170 мыңнан асады.

«Бүгінде қосымшаға 90 пайыз қоғамдық көлік ендірілген. Көліктің қай жерде, қай уақытпен кетіп бара жатқанын GPS қондырғылары арқылы бақылап отыруға болады. Қала тұрғындары мен қонақтары қосымшаны жүктей отырып, автобустардың жаңарған бағыттары мен қозғалысын бақылай алады. Сонымен бірге бұл қосымша арқылы жұмыс графигі аяқталмай қайтып кететіндерді анықтауға мүмкіндік береді»,- деді Е.Жолдасов.

Қазіргі таңда қалада 13 тасымалдаушы компания жолаушыларға 78 бағыт бойынша қызмет көрсетеді. Оның ішінде 64 маршрут әлеуметтік маңызы бар бағыт ретінде белгіленіп, жергілікті бюджеттің есебінен субсидияланып отыр.

Эфир барысында 120-дан астам сұрақ келіп түссе, қала халқының дені қоғамдық көлікпен жүретіндіктен сауалдардың басым көпшілігі автобусқа қатысты қойылды. Сала жетекшісі қалада жолаушыларға қызмет көрсетудің сапасын жақсарту мақсатында қоғамдық көліктерге реформа жасалғанын, түйткілді мәселелердің ретретімен шешілетінін жеткізді.

Жалпы, қала тұрғындарының арасынан «I-kolik» қосымшасына қатысты сауалнама жүргізу нәтижесінде қосымшаның көмегіне 60 пайыз халық әлі де жүгінбейтіндіктерін жеткізді. Сондай-ақ, байқауымызша бұл жаңалықты пайдаланушылардың дені жастар сияқты. Әрине, ғаламторыңыздың байланысы жақсы болып тұрса, мұндай көмекке жүгінгенге не жетсін? Уақытыңызды үнемдеуге көмегі көп.

# «АҚТАСТЫҚТАР» ЖУЫРДА КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕДІ



Абай ауданына қарасты Ақтас шағын ауданы 437,1 гектер аумаққа орналасқан. Қазір онда 2 578 отбасы мекендейді.

Елді мекенде жайлы ортаны қалыптастыру және инжинерлік инфрақұрылыммен қамту бағыты - қала әкімінің бақылауында. Шағын аудан ауыз сумен толық қамтылған. 100% мемлекеттік жүйедегі сапалы электр тартылған. Табиғи газбен қамту үшін бүгінде құрылыс жұмыстарын «Ремстрой» ЖШС жүргізуде. Пайдалануға беру мерзімі 2022 жылдың соңына жоспарланған.

18 көше бар. Оның 3-і асфальт, 10 тас жол, және 5-і топырақ жол. 2021 жылы 2,8 шақырымға шағал тас төселген. Биыл атауы жоқ №3 және 4 көше орташа жөндеуден өтеді. 2021 жылы 1 спорт алаңшасы салынып, пайдалануға берілді. Қазір №147 бағыттағы қоғамдық көлік қатынайды.

# ҚҰРСАЙ САПАЛЫ СУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ



Абай ауданы Құрсай шағын ауданы 140 гектар аумақта орналасқан. Онда қазір 7 562 халық мекендейді. Шағын ауданға қоныстанушылар саны артқан соң жаңа жер телімдеріне үй салына бастаған. Қазір Құрсайдың жаңақұрылыс аумағына №282 және 283 орамдар кіреді.

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, бүгінде елді мекенді коммуналдық және инфрақұрылыммен қамту кезең-кезеңімен жүйелі түрде жүзеге асуда. Құрсайдың орталығы электр жарығымен толық тартылған. Жаңақұрылыс аумағында орналасқан 282 орамды сапалы электрмен қамту үшін биыл жобалық сметалық құжат әзірленеді. Ал, 283 орамға электр тарту бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Шағын аудан орталығының ауыз сумен қамтылуы 80 пайыз. Қазірде қалған бөлігі мен 282, 283 орамдарға сапалы су жеткізу үшін 2021 жылы «Реолит» ЖШС құрылыс жұмысын бастаған. Пайдалануға беру мерзімі осы жылдың соңына дейін жоспарланған.

Құрсайдың орталығы табиғи газбен толық қамтылған. Жаңақұрылыс аумағындағы 282 мен 283 орамға газ тарту үшін 2022 жылы жобалық сметалық құжат әзірленеді.



Өткен жылы Құрсайда екі көшеге шағал тас төселді. Биыл тағы 7 көшеге тас төселіп, екі көше асфальттанады. Сонымен қатар, 2022 жылы Жеті жар көшесі мен З.Сатқанбай көшесіне жарық шамы орнатылады.

Құрсайда ең өзекті болып табылатын емхана мәселесін инвестор тарту арқылы шешу көзделген.

Сапалы интернет бойынша «Кар-Тел» компаниясының базалық станциясы орнатылды. Цифрландыру басқармасы тарапынан №49 мектеп маңына антенна-матчталық құрылғысы қойылып, байланыс операторлары базалық станцияларын орнатуда.

# «EQURYLYS» ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚАНДАЙ?

**Бүгінде құрылыс сапасына бақылауды күшейту мақсатында техникалық қадағалаушылардың есептері E-Qurylys платформасы арқылы жүргізіледі. Бұл жүйе құрылыстың ашықтығын арттыруға, бақылауды күшейтуге, құрылыс барысына мониторинг жүргізуге, деректер мұрағатын жинауға және барлық атқарушы құжаттарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.**

**Алайда қаладағы қызмет атқаратын техникалық қадағалаушылар өздеріне жүктелген міндеттерді тиісті дәрежеде орындамауының салдарынан, құрылыстың сапасын, жай күйін бақылауда қиындықтар туындауда.**

**Осы олқылықтарды жою мақсатында бүгін қалалық орта сапасы және бақылау басқармасының басшысы Нұрдәулет Құрбанбекұлы қаладағы техникалық қадағалаушылардың қатысуымен онлайн форматта жиын өткізді.**

**Техникалық қадағалау мамандары құрылыс ұйымдарының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы барлық белгіленген құрылыс талаптарын, оның ішінде орындалған жұмыстардың сапасы, мерзімі, құны, орындалған жұмыстарды қабылдау және пайдалануға берілуін қамтамасыз етеді.**

**Жиында eQurylys бірыңғай ақпараттық жүйесі түсіндірілді. Бұл үдеріс бақылауға алынып, әр айда есепті кезеңнен соң техникалық қадағалаушылармен жиналыстар өткізілетін болып келісілді.**

**eQurylys бірыңғай ақпараттық жүйесі туралы 8 (7252) 24-75-05 телефоны арқылы кеңес алуға болатынын назрларыңызға жеткіземіз.**

Бетті жинақтап, дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

# БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНІП ЖАТЫРҒАН ЖАСӨСПІРІМГЕ ҚАЛАЙ ДОС БОЛУҒА БОЛАДЫ?

Барлығымыз Күлбике туралы ертегімен таныспыз. Мейірімді пері Күлбикеге мүмкіндік сыйлап, ол патшалық мейрамды тамашалайды. Алайда, дәл түн ортасында сиқыр аяқталып, Күлбике әдеттегі өміріне оралады: көйлек жыртысқа, арба асқабаққа, делбешілер егеуқұйрықтарға айналады. Әрине, ертегі болғандықтан соңында Күлбике үшін барлығы сәтті аяқталады.

Ал, енді 16-18 жастағы барлығы жүйелі түрде шешілетін мемлекеттің қамқорлығына үйреніп қалған жасөспірімдерді елестетіп көріңіз: барлығына бірдей киімдер қатаң бюджетке сай сатып алынады, нақты кесте бойынша ас мәзірі, колледжге бағыттама арқылы түседі. Ертегідегі пері секілді балаларға көптеген сыйлықтар беретін «жақсы» демеушілер бар: бұл қымбат гаджеттер және кез-келген талғамға арналған ойын-сауық. Балалар үйіндегі өмірді ертегімен салыстыру өте күмәнді болғанымен, материалдық байлықтың әсері бірдей: (балалардың 90% -ы 16 жаста) балалар үйінен шыққаннан кейін осының бәрі жоғалады. Енді олар ересектер әлемінде жападан жалғыз өмір сүруге бет алады.

Эволюция жеке адамның қалыпты дамуы мен қалыптасуы үшін бізге ересек адам қажет екенін көрсетті. Ең дұрысы - бұл ата-аналар. Бірақ біздің елімізде 5000-ға жуық баланың айтарлықтай ересектері жоқ және олар интернаттарда тәрбиеленеді. Егер 10 жасқа дейінгі балаларға әлі де оларды жақсы көретін және қамқорлық жасайтын отбасын табуына мүмкіндік болса, үлкен жастағы балалардың бұған деген мүмкіндігі өте аз.

Осылайша, тәлімгерлер балаға әлеуметтенуге, ересек өмірге дайындалуға, жасөспірім шағында кездесетін күрделі мәселелерді шешуге, ересек өмірге де дайындалып, балаларға қоғамда қол ұшын беретін адам. Олар балалар үйіндегі жасөспірімге өз уақытын, назарын және тәжірибесін бөлуге дайын арнайы оқудан өткен еріктілер. Жақындармен салыстырғанда, тәлімгер балаға әрдайым жаны ашитын нағашыға ұқсас.

Тәлімгер - 25 жастан асқан, аптасына кемінде бір күн балаға арнайы келетін ересек адам. Психологтар мен жоба үйлестірушілері тәлімгер болуға ниет білдірген жандарды олардың жеке басты ақпаратын тексеріп, психологиялық тесттер және сұхбат кезінде олардың осындай жауапкершілікке қаншалықты дайын екендіктерін анықтап қатаң іріктеуден өткізеді. Потенциалды тәлімгерлерді дайындауға көп көңіл бөлінеді, олар баламен таныспай тұрып, «Тәлімгерлер мектебінде» арнайы оқудан өтуі керек.

Тренинг барысында қатысушылар интернаттарда тәрбиеленетін балалардың психологиясы, жас ерекшеліктері, әсіресе жасөспірім кезіндегі жеке басының шекаралары туралы ақпарат алады және эмоционалды жаттығуларды үйренеді.

Сонымен қатар, жоба ерікті негізде жұмыс жасап, ал тәлімгер демеуші қызметін атқармайтынын айта кету керек. Жоба шеңберінде қымбат сыйлықтар мен балаға қаражат аудару міндетті емес. з кезегінде балаларға тәлімгерлер демеуші мен патронат тәрбиешінің айырмашылығы неде екендігін түсіндіріледі.

Тәлімгер - бұл балаға нағыз құндылықтарды сыйлай алатын дос; - уақытын, назарын және жеке тәжірибесін. Еріктілердің басқа жобаларынан айырмашылығы, жобаға қатысу баламен ұзақ уақыт, кем дегенде екі жыл бойы өзара әрекеттесуді көздейді және тәлімгермен ресми келісім-шарт жасалады.

Жоба барысында тәлімгер кіші досын үй ішімен таныстыруға мүмкіндігі бар. Бұл үшін заңменен «қонақ келісімі» түрі қарастырылған. Балаға интернаттық мекемеден тыс жерде баламен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі болғаны ауадай қажет. Осылайша, балаларда мекемеден тыс өмір туралы түсініктері қалыптасады.

Келісімшарт жасалып жеке кездесулер басталғаннан кейін жоба қарым-қатынастардың даму динамикасын және тәлімгерлік мақсаттарына қол жеткізуді бақылайтын психологтардың сүйемелдеуін қарастырады. Сонымен қатар, тәлімгерлер үнемі клубтың құрамындағы басқа тәлімгерлермен сөйлесіп, қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие.

Жоба сегіз жылдан бері жүзеге асырылып келеді және Қазақстанның 13 қаласында бар: Шымкент, Алматы, Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Теміртау, Ақтау, Павлодар, Орал, Атырау, Семей, Қостанай, Қызылорда, Өскемен. Жоба Шымкент қаласында 2019 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Жобаның 137 қатысушыларының ішінде жобадан тыс өз тәлімгерлерімен қарым-қатынасты жалғастырған түлектері бар.

Мысалы, Әсем мен Каринаның жеке оқиғасы. Қазір Карина Еуразия ұлттық университетінің студенті және журналистика саласында оқиды. Оның тәлімгері Әсем болса, журналист боламын деген арманын орындай ала ма, жоқ па, белгісіз. Олар жобада танысуы тағдырдың ісі болар. Басында, Карина басқа бір тәлімгерді таңдаған, ал Әсем бұл жобаға кейінірек қосылды. Алайда, бірінші үміткер жұмыста қиындықтарға тап болып, осыған байланысты Каринамен жақсырақ танысуға уақыт болмай, жобадан кетуге мәжбүр болды. Ал Әсем әдемі дауыспен ерекшеленген Каринаға алғашқыдан көз салған. Карина балалар үйінің іс-шараларында жиі ән айтады, айтпақшы, қыздардың сыртқы келбетін байқамау да мүмкін емес. Көптеген «Тәлімгер-Кіші дос» жұптары бір-біріне сыртқы жағынан да, мінез-қылықтарымен де өте ұқсас.Карина мен Әсемнің ұзақ мерзімді достығы кезінде олар көп нәрседен өтті: алғашқы махаббат, алғашқы қақтығыстар мен түсініспеушілік, ҰБТ қорқынышын жеңу, мамандықтар таңдау, т.б.. Әсемнің қасындағылардың барлығы 4 жыл ішінде Каринамен танысып, оның университетке түсуге деген ықыласын қолдады. Айта кету керек, балалар үйінің түлектерінің шамамен 10% -ы жоғары оқу орындарын таңдайды. Себеп, өз-өзіне күмәндану және мектеп пәндеріндегі үлгерімнің нашарлығы. Сондықтан әр бала мен жасөспірімнің жанында оған бейжай қарамайтын адам болуы өте маңызды.

Өткен жылы Карина грантқа тағайындалып, оның тәлімгері Әсем оған жатақханаға орналасуына көмектесті. Қыз бала өсу мен тәуелсіз өмірдің басталуына байланысты көптеген тәжірибелер мен қорқыныштарға тап болды. Әсем әрдайым қасында болып, қолдау көрсетті. Бұл бір ғана мысал, осындай әлі де 136 баланың өмір оқиғасы бар, бірақ әлі де көптеген балалар әртүрлі себептерге байланысты асырап алуға мүмкіндігі болмай, өздерінің тәлімгерлерін, ересектер өміріне өту алдында көпір бола алатын достарынан күтуде.

Тәлімгерлер — жүрегінде балаларға деген мейірімі бар, әділтікті орнатуға ат салысқан қарапайым қаһармандар. Олардың кейбіреулерін «Наставники» (2019 жыл) деректі бейнесінде көз жеткізе аласыз. Фильмде 3 кейіпкер тәлімгер болу шынында қалай екенін, ол не үшін керек және өмірге қандай әсер ететіні туралы бөліседі.

Шымкент қаласында "Тәлімгерлер" жобасын "Дара" қайырымдылық қоры іске асырып келеді. Сізде жобаға қосылып балалар үйінің балаларына өзінің мүмкіндіктерін кеңейтуге және лайықты келешекке үміттенуге көмектесіп, балалар үйіндегі жасөспірімге ересек досы бола аласыз. Жобаға қатысуға өтінімді мына поштаға shymkent@nastavniki.kz жаза аласыз немесе +7 701 799 43 04 нөміріне жазуға немесе қоңырау шала аласыздар.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# ӨЗІҢДІ ТУБЕРКУЛЕЗДЕН ҚОРҒА



**Инфекция көзі - бактерия бөлетін туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастар болып табылады. Туберкулезбен ауыратын науқаспен күнделікті қарым-қатынаста, әсіресе нашар желдетілетін үй-жайда туберкулезді жұқтыру оңай. Алайда науқаспен байланыста болған адамдардың барлығы ауырмайды.**

**Адам ағзасында туберкулездің пайда болуына тамақтану сапасы, улы өнімдерді тұтыну (темекі шегу, алкоголь тұтыну), қосымша аурулары (АИТВ-инфекциясы, қант диабеті, тыныс алу органдарының бейспецификалық аурулары), стресс және депрессия сияқты факторлар әсер етеді. Туберкулезбен ауыратын барлық науқастар бактерия бөлуші болып табылмайды. Науқастардың бір бөлігі сыртқы ортаға бактерия бөлмейді және айналасындағыларға қауіп төндірмейді.**

**Туберкулез туралы келесі белгілер айта алады: — жөтел немесе қақырық бөлінумен жөтелу, 2 аптадан астам; — тез шаршау және әлсіздіктің пайда болуы; — тәбеттің төмендеуі және болмауы, салмақ жоғалту; — терштік, әсіресе түнде; — температураның 37-37,5 градусқа дейін шамалы көтерілуі.**

**14 күн ішінде аталған белгілердің ең болмағанда біреуі болған жағдайда, емханаға дәрігердің көмегіне жүгіну қажет. Тыныс жолдарының туберкулезіне күдіктенген жағдайда, па-циенттен қақырықты зерттеуге алады және көкірек қуысын рентгенологиялық жолмен тексереді. Қазіргі таңда медицинада заманауи тексеру әдістерінің арқасында туберкулезді екі сағат пен екі тәулік ішінде анықтауға және емді бірден бастауға мүмкіндіктер бар. Кез келген патологиялық биоматериалды молекулярлы-гендік әдіспен (Gene Xpert, AccuPower Bioneer, Hain test) тексеру барысында қысқа мерзімде адам ағзасында туберкулез микобактериясының бар екендігін ғана анықтап қоймай, туберкулез таяқшасының дәріге сезімтал немесе тұрақты түрлерін нақтылап көрсете алады. Ал бұл өз кезегінде науқасқа дұрыс емдеу схемасын тағайындауға мүмкіндік береді. Полимеразды тізбектік реакциясының тағы да бір артықшылығы- сезімталдығы өте жоғары болғандықтан, тексеріліп отырған патологиялық материалда аз ғана клеткалар немесе олардың фрагменттері- ДНК ны да анықтап көрсете алады.**

**Уақтылы анықталған және емдеуді ұстанған кезде туберкулез толығымен емделеді. Қазақстанда туберкулездің микобактериясын бөлмейтін емдеуге бейімділігі жоғары және айналасындағыларға қауіп төндірмейтін пациенттер амбулатория жағдайында, тұрғылықты жері бойынша емханаларда ем алады. Бактерия бөлетін пациенттер туберкулезге қарсы орталықтарда міндетті түрде оқшауланып емделеді.**

